

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ұстанымдарын талқыға салуға түрткі болатын даулы мәселенің болуы шарт. Дискуссия кезінде оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге, тұжырымдарын дәлелдеуге, дұрыс шешім қабылдай білуге, пікірталастың әдістерін үйренеді. Білім беруде дискуссияның негізгі ерекшеліктері түрлі идеялар мен пікірлердің сынып ішінде мақсатты және ұйымдасқан түрде талқылау жүргізу.

Қорытындылай келе шет тілін үйрену - сөйлеу және ойлау процестерінің әр түрлі қызметтерін қамтиды, ал ағылшын тіліндегі дискуссия түрлі ақпараттарды сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыруға, ақпаратты қабылдауға, сондай-ақ оның растау және негіздеу үшін құралдар мен дәлелдер табуға ықпал етеді, сол арқылы теориялық материалды түсіну де оңай болады. Яғни осы әдістің қолданылуы арқылы оқушылар тілді оңай үйренуге, кез-келген жағдайда өз ана тілінде де немесе ағылшын тілінде ойын еркін жеткізуге мүкіндік алады, тілді үйренуге қызығушылығы артып, сабақ барысында белсенділік таныта алады. Орта мектептердің ағылшын тілі сабағында ғалымдардың ұсынған дискуссияның кез-келген түрін пайдаланған ұстаздың пәні тиімді әрі оқушыларға қызықты болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

3. Ляудис В. Я. Методика преподавания психологии: Учебное пособие. 3-е изд., испр. и доп. - М.: Изд-во УРАО, 2000. – 128б.
4. Морозова И.Г. Использование дискуссии на занятиях иностранного языка в рамках проблемного обучения при подготовке современных специалистов // Иностранные языки. Теория и практика, 2010. – № 1. – 25—35б.
3. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. - М.: Искусство, 1986. - 445 б.
7. Барканова О.В. Активное социальнопсихологическое обучение. Часть I: Дискуссии // Литера-принт. 2008. — 175 б.
8. Байматова, М. С. Педагогический потенциал учебной дискуссии в формировании культуры диалогического взаимодействия младшего школьника [Текст]// II Педагогический альманах. Наука и практика: Науч.-практ. журнал Приднестровского НОЦ ЮО РАО. – Тирасполь: РИО ПГУ. – 2002. – № 3– 4. – 161–165б.
7. Елизарова Г. В. Культура и обучение иностранным языкам. СПб.: Союз, 2001. – 291 б
9. Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических процессах. М.: Арена, 1994. – 216 б.

ОӘЖ 81'243

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА YOUTUBE.COM САЙТЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

Жанысбай М.Д.

zh_moldir.93@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ шетел тілдерінің теориясы мен тәжірибесі кафедрасының
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD., доцент Г.Досжан

Тыңдап түсіну дағдысы – білім алушылардың шет тілінде қарым-қатынас жасау қабілетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Тыңдап түсіну – ол білімгерлердің шет тілінде сөйлеу шеберлігін арттыратын, ырықсыз және рецептивті дағды болып табылады. Иуди және Видиати тыңдап түсіну дағдысы – ауызша қарым-қатынас жасау мүмкіндігін дамытатын күшті қозғаушы күш екенін атап айтты. Сондықтан, шет тілінде еркін сөйлей алатын білім алушылар ағылшын тілінде ақпаратты көп тыңдауды әдетке айналдырған деп саналады. Бірақ, шет тілін оқуда, тыңдап түсіну дағдысы – білім алушылар менгеруі тиіс, ағылшын тілінің ең қиын дағдыларының бірі болып табылады. Мұғалім, өз тарапынан, бұл проблеманы шешуге жауапкершілік танытуы тиіс. Оның бір жолы, дәстүрлі білім беру

әдістемесін YouTube-ті қолдана отырып, жаңашаландыру. YouTube – тыңдап түсіну дағдысын оқытуда пайдасы зор аудио-визуалды материал. YouTube-ті қолдана отырып, білім алушылар сапалы қарым-қатынас үлгісін көре алады және сыныпта немесе сыныптан тыс жағдайда өз бетінше тыңдап түсіну дағдысын меңгере алады. Сонымен қатар, олар YouTube-тан ақпарат тыңдай отырып, сол елдің мәдениеті туралы білім ала алады [1].

YouTube — бұл бейнематериалдар хостингінің сервистерін ұсынатын қызмет. Мұнда қолданушылар қандай да бір бейнежазбаларды қосуға, қарауға не оларға түсінік беруге мүмкіндігі бар. You Tube қолдануға ыңғайлы және қарапайымдылығының арқасында бейнефайлдарды орналастыруға арналған ең танымал орындардың біріне айналды. Бұл сайтта кәсіби түсірілген фильмдер мен клиптермен қатар әуесқойлық бейнежазбалар, сонымен қатар бейнеблогтар ұсынылады [2].

Біріншіден, YouTube-тағы тыңдап түсінуге арналған бөлімі арқылы білім алушылар сапалы қарым-қатынас түрлерімен таныса алады. YouTube-тан студенттер соңғы жаңалықтар мен көптеген шынайы қарым-қатынас түрлерінің куәсі бола алады. Мысалы, «Опра Уинфри ток шоуынан» Уинфри мен оның қонақтары арасындағы шынайы қарым-қатынасын көрсетеді. Мұндай бағдарламалар upper-intermediate және advanced деңгейіндегі студенттерге тыңдап түсіну дағдысын жаттықтыруға өз септігін тигізеді. Судула осы сәтте, түрлі ток шоулар сөйлеу және тыңдап түсіну дағдыларын дамытуға керемет құрал екенін анықтады. Себебі, шет тіліндесөйлеу қабілеттері бірдей адамдарды ортақ тақырып бойынша пікір алмасуға мүмкіндік береді. Осылайша, Опра Уинфри ток шоуынан студенттер Американдықтардың күнделікті қарым-қатынаста көптеген идиомаларды қолдану үлгілірімен, сонымен қатар сөйлеушілірден өз ойларын іс-қимыл және ым-ишара арқылы жекізуді үйренеді. Сондай-ақ, «Гарри Поттер» фильміндегі сценалар арқылы студенттер Британдық ағылшын тілінің қолданылуы мен Британдық стильдегі слэнгтермен танысады. YouTube-ті қолданудың келесі себебі, білім алушылар бұл сайттан әлемдегі барлық Президенттердің айтқан сөздерін таба алады. Барак Обама мен Джордж Буштың сөздерінен ресми сөйлеу тілін тыңдап, оның қолданылу ережелерін үйрене алады. Сонымен, YouTube желісінің тыңдап түсіну бөлімі арқылы студенттер шет тілде сөйлеушінің шынайы қарым-қатынаста айтылған сөздерін тыңдай алады [3].

Жоғарыда айтылғандай, YouTube желісі түрлі шынайы қарым-қатынас түрлері мен үндеулерді ұсына отырып, сынып және сыныптан тыс жағдайларда білім алушылардың тыңдап түсіну дағдыларын қалыптастыратын құрал бола алады. Бастысы, YouTube желісі онлайн және оффлайн күйінде қарала алады. Иудидің айтуы бойынша, студенттер YouTube желісіндегі сандық видео материалдарды онлайн және оффлайн жағдайында көруге мүмкіндіктері бар. Студенттер Интернеттен жүктеу менеджерін қосып, өздері қалаған видеоны жүктеп, ноутбуктарына және телефондарына сақтай алады. Кейін, олар оны өздері қалаған жерде және уақытта көре алады. Бұл желідегі көптеген бағдарламалардың субтитрлері бар. Яғни, сыныптан тыс жағдайда білім алып, тыңдап түсіну дағдысы дамытқысы келетін студенттер YouTube желісін оңай қолдана алады. Себебі, олар өздерінің тыңдап түсінген ақпаратының дәлдігін субтитрлердің көмегімен тексере алады [4].

Келесі пікір бойынша, студенттер YouTube желісі арқылы шет елдің мәдениетімен танысып, өз білімдерін жетілдіре алады. Бұл желіден, студенттер шет елдің мәдени сипатын айқындайтын қысқа оқиғалардың видеоларын таба алады. Әрине, олар тыңдап түсіну дағдысын дамытуда да қолданылады. Иудидің айтуы бойынша, YouTube-та ағылшын тілін оқытуда пайдалы көптеген анимациялы оқиғалар бар. Оларға “The whispering palms” және “The old man and the sea” атты қысқа оқиғалар жатады. Бұлардың екеуі де шет елдің мәдени ерекшеліктерін сипаттайды. “The whispering palms” оқиғасы Үнді адамдарының дәстүрлі өмір сүру салтын көрсетеді. Олар пальмалармен қоршалған жағалауда балық аулап, өз күндерін көрген. Сондай-ақ, “The old man and the sea” оқиғасы теңіз жағалауында өмір сүріп, ескі қайықпен балық аулауға мәжбүр болған американдық балықшы жайлы әңгімелейді. Осындай видеолар көру арқылы студенттер көптеген мәдениет түрлерін біліп, өздері оқып жатқан тілдің мәдениетімен жақынырақ танысады. Сонымен қатар, білімгерлер Voice of

America British Broadcast (BBC) тыңдай отырып, әлемдегі соңғы жаңалықтар, пайда болған жаңа технологиялар жайлы ақпараттар алып, білімдерін жетілдіріп отырады. Осылайша, олар бір уақытта өздерінің тыңдап түсіну дағдыларын жаттықтырып және әлемде болып жатқан жаңалықтардың куәгерлері бола алады [4].

Тыңдап түсіну және сөйлеу дағдыларын дамыту. YouTube желісіндегі видео материалдар бейне және дыбыс арқылы көрініс тапқандықтан, шығармашыл мұғалімдер оларды тыңдап түсіну және сөйлеу дағдыларын дамытуда кеңінен қолдана алады. Осы бөлімде мұғалімдерге сабақ барысында видео материалдарды қолданудың бірнеше әдістері мысал ретінде көрсетіледі.

- Қарым-қатынас сараптамасы. Бұл тапсырма көбінесе intermediate және advanced деңгейіндегі білім алушыларға арналған. Бұл тапсырманың көмегімен нәтижелі қарым-қатынас техникаларын меңгеріп, қарым-қатынас жасауда жіберілетін қателіктерді болдырмауға үйретеді. Осы тапсырма түрі бойынша, білім алушылар мұғалімдер іріктеп алған (немесе студенттер өз беттерінше іріктеген), сыныпта өтілген материалдарды бекітуге арналған, нәтижелі немесе сәтсіз қарым-қатынас техникаларын бейнелейтін видеоларды көреді. Мысалы, студенттер байланыстырушы немесе анықтаушы сұрақтар ы жетіспейтін фильмдер немесе видеолар іздейді. Ал келесі топ, сөйлеушілері ақпаратты молырақ алу жолында дқыс фразаларды көп қолданған нәтижелі қарым-қатынасты бейнелейтін видеоларды іздейді. Видеоларды іздеуде студенттер сыни тұрғысынан ойлайды. Бұл видеолар сыныпта презентацияланып, топтастар арасында презентацияланып, сыныптар арасында мықты және әлсіз тұстары талқыланады.

- Фильм трейлерін дыбыстау. Бұл тыңдап түсіну мен сөйлеуге арналған күрделі жоба арқылы advanced деңгейіндегі студенттер өздерінің дыбыстаудағы қиыншылықтарын анықтап, ағылшын тілінде сөйлеу деңгейін дамыта алады. Бұл тапсырмада студенттер YouTube-тан кез келген фильмнің 2 минуттық трейлерін таңдайды. Студенттер бөл трейлерді қайта дыбыстайды. Түптұсқаны мұқият тыңдап, синхрондылық пен имитацияға мән бере отырып, өз дауыстарымен қайталайды. Бұл тапсырма студенттерге қажетті дауыс ырғағын, интонация және дыбыстауды тудыруға көмектеседі.

- Атақты фильм сценаларының кейіпкерлерін сомдау. Бұл шығармашылық жоба intermediate және advanced деңгейіндегі білім алушыларға физикалық және драмалық жолдарды қолдану арқылы ағылшын тілінде сөйлеу деңгейін көтеруге көмектеседі. Мысалы, студенттер «Титаник» фильміндегі Джектің қазасы сценасын қайталап ойнауын сыныптың алдында немесе өздерінің видеоларын түсіріп, драмалық презентация жасайды. Мұндай тапсырмалар арқылы сыныпта талқыланған концептілерді тәжірибеде қолдана алады. Мысалы, егер студенттер сөйлемдегі екпін тақырыбын өткен болса, рөлдерді қайта сомдау арқылы имитациялау кезінде екпін қою ережелерін сақтайды. Бағалау – рөлдерді сомдау сапасына, сөйлеу мәнеріне және сыныпта өтілген дыбыстау концептілерінің орындалуына негізделеді.

Оқу және жазу дағдыларын дамыту. Бір қарағаннан, YouTube желісі шет тілінде тыңдап түсіну дағдысын дамытуға бағытталғандай көрінеді, бірақ YouTube арқылы жазу және оқу дағдыларын да дамытуға болады.

- Түртіп алу және мазмұндау. Бұл тапсырма beginner, pre-intermediate және intermediate деңгейіндегі студенттерге сай келеді. Түртіп алу және мазмұндауда білім алушылар YouTube-тан түрлі мазмұндағы лекцияларды тыңдап, маңызды ақпараттар мен детальдарды түртіп алады. Сосын бір-бірімен ақпарат алмаса отырып немесе қайта тыңдау арқылы ақпараттарын нақтылайды және сол бойынша қысқа мазмұнын жазады. Кейін өзінің қысқа мазмұнамасын видео транскриптісімен салыстырады. Түрлі мазмұндағы топиктердің көзі ретінде TED Talks сайты қолдануға болады. TED Talks 20 минуттан аспайтын видеолардан тұрады және олардың транскриптілерін TED Talks сайтының басты бетінен (<http://www.ted.com>) алуға болады.

- «How-to»жазбаша тапсырмасы. «How-to» параграф (beginner деңгейіне) немесе эссе (intermediate және advanced)YouTubeжелісін пайдалану арқылы орындалатын тапсырма түрі.

Біріншіден, мұғалім студенттерге арнап қажетті ұзақтығы мен күрделілігін ескере отырып, видео таңдайды. Студенттердің міндеті сол видеодағы көріністердің орын алу кезегіне қарай біртіндеп өз ақпаратын жазады. Бұл студенттерге видоның жанрын анықтауға және ол ақпаратты нәтижелі қолдануға мүмкіндік береді. Бағалау – ақпарат дәлдігі мен жазу мәнеріне негізделеді. [5]

Жоғарыда аталған, ағылшын тілін меңгерудегі маңызды төрт дағдыны, атап айтқанда, оқу, жазу, тыңдап түсіну және сөйлеу дағдыларын меңгеруге бағытталған, тапсырма түрлерін мен өз тәжірибемде падаландым. 2016 жылдың ақпан-сәуір айлары аралығында Астана қаласының Қазақ Экономика, Қаржы және Халықаралық сауда университетінің екінші курс студенттерімен осы тапсырмаларды орындап, келесідей нәтижелерге жеттім.

Кесте 1

<i>Тәжірибе басталардан бұрынғы ортақ көрсеткіштер (%)</i>			
Оқу	Жазу	Тыңдап түсіну	Сөйлеу
82%	72%	50%	45%

Бұл қорытындылар әр дағдыны жеке тексеру, бақылау нәтижесінде анықталған, топтың ортақ пайыздық көрсеткіштері. Бұл көрсеткіштерді анықтау жолында студенттер түрлі тестік тапсырмалар, аудио материалдарды тыңдау және берілген тақырыптар бойынша сөйлеу тапсырмаларын орындады.

Дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырма түрлерін топ мүшелерімен екі ай мерзімінде орындау барысында жеткен нәтижелеріміз келесідей:

Кесте 2

<i>Тәжірибе соңындағы ортақ көрсеткіштер (%)</i>			
Оқу	Жазу	Тыңдап түсіну	Сөйлеу
87%	78%	62%	51%

Қорытындылай келе, YouTube.com сайтының шет тілін оқытуда пайдасы зор деген шешімге келеміз. Бұл сайт адамзаттың ең көп пайдаланатын және жиі жаңарып отыратын сайттардың бірі. Әлемдегі тың жаңалықтар ең алғаш осы сайт арқылы жарияланады және көптеген салалар бойынша ақпарат көзі болып табылады. Сол себептен, білім алушылардың қызығушылығын арттыру жолында мұғалімдердің шығармашылығы мен ізденімпаздығы жоғары нәтижелерге алып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Yudi, Bambang Cahyono & Utami Widiyanti, The Teaching of English as a Foreign Language in Indonesia, Malang: State University of Malang press, 2011 – P. 16.
2. Wikipedia.org сайтынан.
3. Sudula, Asa Pilar, Practical Techniques for English Language Teaching, Malang: State University of Malang press, 2011 – P. 37.
4. Yudi, Bambang Cahyono, Modern Techniques in English Language Teaching, 2012 – P. 7-8
5. Jon Watkins, Michael Wilkins, Using YouTube in the EFL classroom, Language Education in Asia, 2011 – P. 115-117.